ДӘРІС 2. Алтын Орда тарихына қатысты деректер кешенін талдау. (1 сағат)

Мақсаты: Алтын Орда тарихына қатысты негізгі жазба, археологиялық, нумизматикалық және нарративтік дереккөздерді жүйелі түрде талдап, олардың мазмұнын, деректік құндылығын және зерттеулердегі қолданылуын түсіндіру.

Міндеттері:

- Алтын Орда дәуіріне қатысты негізгі дерек топтарын жіктеу;
- Араб, парсы, түркі және орыс дереккөздерінің ерекшеліктерін анықтау;
- Алтын Орда тарихын зерттеуде нумизматика мен археология деректерінің орнын көрсету;
- Заманауи деректанулық әдістер арқылы деректердің ғылыми құндылығын бағалау.


Сібір хандығы
Қазан хандығы
Ногай ордасы
Үлкен орда
Қырым хандығы
Астрахан хандығы
Әбілхаирдің хандығы
Арал теңізі
Каспий теңізі
ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР
XIII-XIV ғғ. Алтын орданың территориясы
Алтын Орданың жалпы шекарасы
XV-XVIII ғғ. Алтын ордадан бөлінген хандықтардың территориясы
Ханданықтардың орталығы
Алтын Орданың орыс жерлерімен шекарасы
Орыс княздіктерінің шекарасы
ХҰЛАГУ ӘУЛЕТІ БИЛЕГЕН МЕМЛЕКЕТ
ШАҒАТАЙ ҰЛЫСЫ

Жазба деректер мен зерттеулер



Алтын Орданың географиялық жоспарының суреттеуде араб саудагері және саяхатшысы Ибн-Баттуттын шығармалары құнды болып табылады. Ол Өзбек ханға тауар тасып отырған. Ибн-Баттут өзінің саяхатын Алтын Орда ханы Өзбек ханның иелігі арқылы: Қырымнан Солтүстік Кавказ және Еділ бойы арқылы Хорезмге дейін барған. Оның мәліметтері көптеген нақты геогафиялық мәліметтерге негізделген, мәселен, қалалардың арасындағы қашықтықтар, әкімшілік құрылымның ерекшеліктері, Алтын Орданың жекелеген ұлыстарындағы сауда мен шаруашылық жайы баяндалған.

Алтын Орда құрамына кірген халықтардың жағдайымен бірге нақты және кең көлемді мәліметтерді XIV ғ. араб жазушысы әл-Омаридің шығармасында кездеседі.

XIV ғ. екінші жартынсынан бастап, Алтын Ордада ішкі қақтығыстар мен дүрбелең кезең басталаған кезеңде араб авторларының да оның тарихына деген қызығушылықтары бәсеңдейді. Осы кезеңнен бастап үстірт жазылған араб авторларының еңбектерінің ішінен Ибн-Халдунның еңбегін ерекше атауға болады. Ибн-Халдунның шығарғармасында Алтын Орданың ішкі өмірінің құбылыстарын нақты баяндалады, Бердібек ханның өлімі мен Тохтамыстың билік құрған кезеңі сипатталған.

Жазба деректер мен зерттеулер



Ибн-Араб-Шахтың шығармаларында қызықты мәліметтер кездеседі. Себебі, автор әмір Темір шабуылынан кейінгі Сарай, Астрахан және Ескі Қырым қалаларын өз көзімен көрген. Оның еңбегінің құндылығы автордың жергілікті тілді меңгеріп, моңғол және түрік тілдеріндегі шығармалармен тұпнұсқадан танысып, өзі баяндап отырған оқиға куәгерлерімен тікелей сөйлескендігі борлып табылады.

Араб авторларына одақтас мемлекет ретінде Алтын Орданың аумағына кіруге рұқсат берілген едді. Сондықтан олардың сипаттамалары географиялық нақтылығымен ерекшеленеді.

Басқаша, мәселен, әлеуметтік саяси сипатағы мәліметтерді Жошы ұрпақтарының жаулары есебінде саналған хулагуидтердің сарайларында тұрған, ХШ-XIV ғғ. өмір сүрген парсы авторларының еңбектерінен кездестіреміз. Олардың өздерінің солтүстік көршілерінің әскери-саяси жағдайындағы кез-келген өзгерістерді қаот етпей бақылап отырды. Әсіресе, екі олардың саяси өзара теке-тірестеріне әсер ететін жағдайларға баса мән берді. Жошы ұрпақтары мен хулагуидтердің негізгі күрес жері Кавказ аумағы болды. Сондықтан парсы авторларының шығармаларында Алтын Орданың батыс ұлысы туралы мәліметтер кездеспейді. Жошы ұлысының шығыс бөлігі: өзара теке-тірестің негізгі бағыты өткен Солтүстік Кавказ, Алтын Орда мен Үгедей мен Шағатай ұрпақтарының Орталық Азиядағы мемлекеттері арасындағы қарым-қатынастар, Жошы ұрпақтарының Сырдария және Жетісудағы иеліктері туралы қайталанбас мәліметтер баяндалған.





1245-1247 жылдары Рим Папасының Күйік ханға жіберген елшісі Плано Карпини Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу өңірінде қираған көптеген қалаларды, бекіністерді және қаңырап қалған қыстақтарды көргенін баяндайды. Шапқыншылықтан көшпелі және жартылай көшпелі аймақтардың халқы да көп зардап шегеді. Плано Карпинидің мынадай дерегі соған дәлел болады: «Біз қангиттердің жеріне аяқ бастық... Бұл жерден, сондай-ақ Команиядан біз аяқ астында тезекше шашылып жатқан сансыз адамдардың бас сүйектері мен қаңқаларына тап болдық... Бұл адамдар, комондар да қангиттер де, жер өңдемеген, малмен күн көрген, олар сондай-ақ үй салмастан, шатырларда орналасқан. Татарлар оларды да қырып-жойған, енді өздері солардың жерінде тұрады, ал тірі қалғандарын құл қылып алған».



1253-1255 жылдары Қазақстан аумағы арқылы өткен Француз королі IX Людовиктің монғол ханы Мөңкеге жіберген елшісі Рубрук, егіншілік мәдениеттің күйрегені, Іле алқабындағы қалалардың жойылып кеткендігі туралы алғашқылардың бірі болып деректер қалдырған. Оның мынадай дерегі Жетісудағы моңғол шапқыншылығы мен үстемдігінің зардаптарын көрсетеді: «Біз оң жағын биік тау қоршаған, ал сол жағында айналасы жиырма бес күншілік теңіз бе, әлде көл ме, шалқып жатқан өте әсем жазықпен жүрдік. Бұл жазық таудан басталып әлгі аталған теңізге келіп құйып жатқан сумен түгелдей тамаша суландырылған. Жазда бұл теңіздің (Балқаштың) солтүстік беткейі арқылы қайттық, бұл беткей де таулы болып келеді. Жоғарыда аталған жазықта бұрын көп қала болған, бірақ олардың көпшілігін өздерінің малын бағуға жағдай жасау үшін татарлар [монғолдар] қиратып жіберген, өйткені онда ең тамаша жайылымдар болған».

1243 ж. Римде папалық таққа күш жігерге толы Иннокентий тағайындалып, ол өзінің алдындағы IX Григоридің ойын жалғастырып шығыс жаулап алушыларына қарсы крест жорықтарын ұйымдастыруды көздеп, моңғол хандарының әскери-саяси жоспарларын білу үшін құпия түрде адам жіберді. Осы мақсатпен моңғол ханына ресми тұрғыдан салтанатты түрде католиктік миссияны орындаушы ретінде францискандық монахтық орденін құрушылардың бірі – Плано Карпиниді жіберді. Онымен қоса миссия орындаушылар қатарына тағы екі монах - Бенедикт және Стефан атты ағайындылар да болды. Монахтар 1243 жылы 16 сәуірде Францияның Лион қаласынан шығып, екі жылға жуық уақытта ғана Қаракорымға жеткен.Олар Еділ бойы, Хорезм, Жетісу, Тарбағатай және Орталық Моңғол жерлерімен өткен. Моңғолдардың астанасында бірнеше ай бойы жанадан тағайындалған Күік ханның сарайында тұрды. 1247 жылы кері қайтып, Плано Карпини саяхатының есебін кітап түрінде жазып, оны «Моңғолдар тарихы» деп атайды. Кітап 9 тараудан тұрады, әр тарау нақты сол уақыттағы моңғол этнографиясының нақты аспектілеріне: моңғолдардың территориясының орналасуы, жерлерінің климаты, дәстүрі, ішкі түріне, сеніміне, мемлекеттік құрылымына, әскери ісіне, ішкі саясатына арналған. Бұл еңбек автордың өз көзімен көрген, бақылаған оқиғалары туралды болғандықтан тарих үшін құндылығы өте жоғары.

Жазба деректер мен зерттеулер







Плано Карпини келгенен кейін бірнеше жылдардан соң, моңғолдарға тағы да бір миссия жіберіліп, оны монах Гильом Рубрук басқарды. Бірақ, бұл елшілік бір ғана мақсат үшін француз королі IX Людовиктің Шығыс мұсылмандарына қарсы моңғол ханымен әскер одақ құруының мүмкіндіктерін анықтау үшін жіберілді. Қырым және Төменгі Еділ бойы арқылы ұзақ жол жүріп, 1253 ж. Рубрук Монғолияғы ұлы хан Мөнкенің ордасына келіп жетеді. Рубрук өзінің саяхаты туралы Людовик IX-ға жолдау түрінде жазып,оны «Шығыс елдеріне саяхат »деп атаған.

Рубрук оқыған, көзі ашық адам ретінде өз жазбаларында көптеген қызықты мәліметтерді: өз жолында кездескен көшпелі тайпалардың өмір сүру салты мен, дәстүрлері және сенімдері және Алтын Орданың шет аймақтарындағы тайпалар туралы мәліметтер келтіреді. Сонымен бірге Рубрук еуропалық саяхатшылардың ішінде Қарақорымдағы хан сарайы мен жалпы қала және оның тұрғындары туралы толық қанды суреттеген бірден-бір автор болып табылады.

Моңғолдардың батысқа жорық жасау қаупі сейілгеннен кейін еуропалықтардың оларға деген қызығушылықтары да азая бастайды, бірақ батыс еуропалық саяхатшылар шығыс елдеріне келулерін тоқтатқан жоқ. Олардың есептерінде Алтын Орда туралы мәліметтер берілген.

Алтын Орда тарихына қатысты парсылық жазба деректерді екі топқа: бірінші ерте кезеңдегі немесе Батыс Иранда жазылған (бұл топ авторлары Алтын Орданы Кавказда үнемі соғысуға мәжбүр болған жаулары ретінде көрді), екіншісі топты кейінгі кезеңдегі немесе негізінен Шығыс Иран мен Орталық Азиядан жазылған (негізінен Алтын Ордадағы «дүрбелең кезең» уақытында жатады) шығармалар құрайды.

Араб авторларымен салыстырғанда парсылар Жошы ұрпақтарымен жауласып отырған хулагуидтер мен темірлік ақсүйектермен байланысты болды. Олар да арбтар сияқты солтүстікте болып жатқан құбылыстарға аса субъективті тұрғыдан қарады. Бірақ арабтар Алтын Орданы әсерлеп, асыра мақтап көрсетсе, парсылар керісінше Жошы ұлысының әлсіз тұстарын көрсетіп, оны барынша жамандап отырған.

Алтын Ордаға қатысты маңызды деректердің бірі 1413-1414 жылдары жазылған темірлік Ескендірге арналған «Ескендір анонимі», болып табылады. Онда үлкен көлемде тиянақты түрде Алтын Ордадағы Бердібек хан қайтыс болғаннан кейінгі оқиғалар қызғылықты суреттелген. Бұл дерек тарих ғылымында Ақ Орда мен Көк Орданың пайда болуы мен орналсқан жері туралы орын алған пікірталастың тууына тікелей қатысты еңбек болып табылады. Дерек авторы екі Орданың құрылуын Тоқтай хан мен уәзір Ноғайдың билік құрған кезеңіне жатқызады. Ол Ақ Орданың Ноғайдың иелігі деп қарастырып, оның орналасуын шығыстағы Ұлытау (Улук-тага) Қаратал и Тюмень маңы деп көрсетеді. Ал Көк Орданы орналасуы бойынша Сарайдың батысында деп қарастырып, оны Тоқтай ханның иелігі ретінде көрсетеді. Алтын Орданы зерттеуші тарихшылар – Хаммер-Пурешталь, Вольф, Шпулер, П. Пельо, А.Ю. Якубовскийлер осы дерекке сүйеніп, Ақ Орда шығыста, ал Көк Орда батыста орналасқан деп есептейді.

Араб және парсы авторлары негізінен Алтын Орда тарихының соңғы кезеңдерін суреттеген.

Әлемдік тарих ғылымы Жошы ұлысының әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуы туралы көптеген мәліметтерді еуропалық авторлар – Плано Карпини, Гильома Рубрук және Марко Полоның Ұлы Моңғол хандарының ордаларына жасаған саяхаттарының жазбаларынан алды деуге болады. Моңғол хандарының ордаларына Плано Карпини 1245-1247жж., Гильом Рубрук – 1253-1255 жж. және Марко Поло – ХШ ғасырдың аяғында келген.

Еуропалық саяхатшылардың мәліметтерінің маңыздылығы, олардың Моңғолияға жасаған саяхаттарының кездейсоқ емес, керісінше мақсатты түрде жасауларымен ерекшеленеді. Саяхатшыларға Моңғол империясының әскери, экономикалық және әлеуметтік-саяси жүйесі туралы кең көлемді мәліметтер алу тапсырылған еді. Бұл Еуропалық билеушілерге ерекшк керек болды, өйткені, Еуропа бұл кезеңде, яғни Бату хан әскерлерінің шабуылынан кейінгі уақытта қатты үрей құшығанда болатын.

Деректердің ерекше категориясын Алтын Орданың экономикалық даму дәрежесі мен оның сауда байланыстары және географиялық жағдайын туралы түсініктерді кеңейте түскен археологиялық деректер құрайды. Археологиялық зерттеулердің Алтын Орданы археолологиялық тұрғыдан тұрақты түрде зерттеу ісі XIX ғасырдың ортасында А.В. Терещенконың Сарай ал-Джедид (Царев қалашығы, қазіргі Волгоград облысы) қаласының аумағына жүргізген қазба жұмыстарынан бастау алады. А.В. Терещенконың қазба жұмыстарының қорытындылары Алтын Орданың екі астанасы туралы пікірталасқа әкелді. Оған Петербургтық шығыстанушы В.В. Григорьевтың 1845 ж. шыққан, «Алтын Орданың астанасы Сарайдың орналасқан жері» атты кең көлемді мақаласы себеп болды. Тек бір ғана астана болған бір ғана қала Сарай (Сарай немесе Сарай ал-Махрус) болғандығын көрсете отырып, оны Царев қалашығымен теңдестіреді. Ал, автордың ойынша Сарай ал-Джедид тек ғана хан сарайы болған. Кезінде В.В. Григорьев Астрахан облысындағы Селитрен қалашығын Алтын Орда ақсүйектерінің үлкен некрополі деп есептегені белгілі. Новороссийсистік университетінің профессоры Ф.К Брун бұл пікірталастың соңғы нүктесін қойды. Ол II археологиялық съезде «Алтын Орда хандарының I Жәнібекке дейінгі уақыттағы резиденциясы» атты баяндамасында Царевтік және Селитрендік қалашықтардағы құйылған тиындарға анализ жасай отырып, жасалған орны «Сарай ал-Джедид» деген мәліметтің тек Жәнібек ханнан бастап қана кездесетінен, бұл көп көлемді тиындар дәл Царев қалашығынан табылғанын алға тарты. Бұл талдаудың қорытындысы бойынша астана Өзбек ханның өлімінен кейін Сарай ал-Махрустан (Селитрен қалашығынан) Сарай ал-Джедид Царев қалашығына көшірілгендігі туралы қорытынды жасалды.

Алтын Орда тарихына қатысты негізгі деректерге жасалаған қысқаша шолу төмендегідей қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Тарихи деректердің мәліметтері неғұрлым әртүрлі болса, соғұрлым Алтын Орданың тарихының әртүрлі кезеңдеріне, мәселен оның құрылуынан құлауына дейінгі оқиғалар жан-жақты қамтылған.

Алтын Орда тарихына қатысты ең бай әрі мазмұнды мәліметтер парсы және араб авторларының еңбектерінде сақталған.

- **Рашид ад-Диннің «Жами ат-тауарих»** (XIV ғ.) – Жошы ұлысы мен оның билеушілері туралы ең толық энциклопедиялық еңбек. Автор Шыңғыс әулетінің генеалогиясын, саяси тарихын, әкімшілік құрылымын егжей-тегжейлі баяндайды.
- **Ибн Баттута** (XIV ғ.) өзінің сапар жазбаларында Сарай-Берке қаласының сәулеті, тұрмыс мәдениеті мен ислам дінінің таралуын сипаттайды.
- **Абд ар-Раззак Самарканди**, **әл-Омари**, **Насир ад-Дин Туси** еңбектерінде Алтын Орданың саяси-дипломатиялық байланыстары жөнінде маңызды деректер кездеседі.

Бұл деректер Алтын Орданы мұсылман әлемінің құрамдас бөлігі ретінде танытады және оның исламдану процесін зерттеуге мүмкіндік береді.

Бекіту сұрақтары

Алтын Орда тарихына қатысты негізгі деректердің түрлерін атаңыз.
Рашид ад-Дин мен Ибн Баттутаның еңбектері неліктен маңызды?
Орыс жылнамаларындағы мәліметтер Алтын Орда тарихын қалай сипаттайды?
Нумизматикалық және археологиялық деректердің зерттеу маңызы неде?
Қазіргі заманғы деректанулық әдістердің ерекшеліктерін атаңыз.

Пайдаланылған әдебиеттер

Карибаев Б.Б., Ноғайбаева М.С. Алтын Орда және Қазақ хандығы. Алматы., 2022. – 180 бет.
Рашид ад-Дин. *Жами ат-тауарих*. – М.–Л., 1952.
Тизенгаузен В. *Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды.* Т. I–II. – СПб., 1884–1941.
Қазақстан тарихы туралы моңғол деректемелері. – Т.1. – Алматы, 2006.
Shamiloglu Y. *Tribal Politics and Social Organization in the Golden Horde*. – Kazan, 2019.
Favereau M. *The Horde: How the Mongols Changed the World*. – Harvard, 2021.